

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 28 ақпан N 310

Жамбыл облысының Шу ауданында пайда болған төтенше жағдайды жою мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға көзделген резервінен Жамбыл облысының әкіміне Жамбыл облысының Шу ауданындағы Тасөткел су деңгейін көтеру плотинасын нығайту жөніндегі кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу үшін

35 049 (отыз бес миллион қырық тоғыз) теңге бөлінсін.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.12.29. N 1951 қаулысымен.

P001951_

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК